

«АЛТЫН ҚЫРАН»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БІЛІМ ДАМУ  
ЖӘНЕ МӘДЕНИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ  
ОРТАЛЫҒЫ



РЕСПУБЛИКАНСКИЙ  
ЦЕНТР РАЗВИТИЯ ОБРАЗОВАНИЯ  
И КУЛЬТУРНОГО ТВОРЧЕСТВА  
“АЛТЫН ҚЫРАН”

040906 Алматы қ-сы, Наурызбай ауд-ы,  
ПКСТ Малинка №9  
Тел: 8 775 140 99 88, 8 702 981 29 64  
e-mail: altynqyran.kz@mail.ru  
altynqyran@gmail.com

040906 г. Алматы, Наурызбайский р-н,  
ПКСТ Малинка №9  
Тел: 8 775 140 99 88, 8 702 981 29 64  
e-mail: altynqyran.kz@mail.ru  
altynqyran@gmail.com

«АЛТЫН ҚЫРАН»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БІЛІМ  
ДАМУ ЖӘНЕ  
МӘДЕНИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ  
ОРТАЛЫҒЫ»  
РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН,  
Г. АЛМАТЫ, ИНДЕКС 040906,  
НАУРЫЗБАЙСКИЙ РАЙОН,  
МКР. АҚЖАР,  
ПКСТ МАЛИНКА, ДОМ 9,  
*Шығарыс*  
№ *1/07-10-23*  
«*10*» *04* 20*18*г.

Облыстық, қалалық  
білім басқармаларының,  
аудандық білім бөлімдерінің  
басшыларына, мектеп директорларына,  
балабақша меңгерушілеріне,  
колледж директорларына,  
Мәдениет, архивтер және құжаттама  
бөлімінің басшыларына

*ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасы қоры мен Мемлекеттік тілдерді дамыту қорының 2016 жылғы білім саласындағы арнайы сыйлығы мен стипендиясының иегері «Алтын қыран» Республикалық білім дамыту және мәдени шығармашылық орталығы және «АЛТЫН ГЛОБУС» Республикалық ғылыми оқу әдістемелік орталығының бастамасымен Астана қаласының 20 жылдығына, Ахмет Байтұрсынұлының 145 жылдығы, Мағжан Жұмабаевтың 125 жылдығына қарсаңында 2017-2018 оқу жылындағы еліміздің барлық өңірлеріндегі білім, тәрбие, мәдениет саласындағы үздік қызметкерлердің жетістіктерін қоғамға кеңінен насихаттау мақсатында ҚР Білім және Мәдениет саласындағы үздік қызметкерлердің «АЛТЫН КІТАП» республикалық энциклопедиясын жариялайды. Өтініштерді қабылдау 2018 жылдың мамыр айының 13 жұлдызына дейін жалғасады. Осыған байланысты энциклопедия ережелерін басшылардың назарына, білім ордаларына жеткізуіңізді сұраймыз.*

*Қосымша: 5 бет.*

Директор



Шүйіншәли А.С



**«АЛТЫН КІТАП» ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ**  
**САЛАСЫНДАҒЫ ҮЗДІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ**  
**ЖИНАҒЫ**

Елбасымыз өзінің кезекті Жолдауында «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін, біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек», - деп айтылғандай, еліміз бәсекеге қабілетті көшбасшы елдердің қатарына сапалы да сауатты біліммен енуді көздеуде. Осы орайда Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер-бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан да сол деңгейде болады. Сондықтан да ұстазға жүктелетін міндет ауыр»-деп атап кеткендей, еліміздің ертеңі үшін саналы да салауатты, рухани жан дүниесі бай сауатты ұрпақ тәрбиелеуде білім, мәдениет саласындағы қызметкерлер, яғни ұстаздар мен тәрбие жетекшілер қауымы аталған міндеттердің биігінен көріну үшін аянбай тер төгуде.

Сонымен қатар «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «100 жаңа есім» тармағын жүзеге асыруға үлес қосу мақсатында энциклопедиялық жоба екінші мәрте жарық көргелі отыр.

Еліміздің әр түкпірінде қызмет етіп жүрген кәсіби шеберлігі мол, жаңашыл, жаңа форматтағы мәдениет, кітапхана, білім саласындағы қызметкерлердің тынымсыз еңбектері мен өнегелі істерін кейінгі жас ұрпаққа үлгі етуде де энциклопедиялық жинақтың құны басым. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» болған түрлі байқаулардың жеңімпаздары мен білім, тәрбие жүйесінің дамуына қомақты үлесін қосып жүрген мектеп, балабақша мекемелерінің, мәдениет және кітапхана саласының қызметкерлерінің еңбегін қоғамға танымал етіп, «алдыңғы толқын» аға буынның игі істерінен өнеге алып, жалғастырып өсетін өскелең ұрпақты баулуда да энциклопедияның тағылымдық маңызы зор.

Осындай жауапты да ұлы жолда жүрген ұстаздар мен мәдениет саласы қызметкерлерінің ерен еңбектерін насихаттау үшін «Алтын кітап» Қазақстан Республикасының білім және мәдениет саласындағы үздік қызметкерлерінің энциклопедиялық жинағыны жарияланып отыр. Бұл жинақ Тәуелсіздігіміздің нышаны Астана қаласының 20 жылдығына, Ахмет Байтұрсынұлының 145 жылдығы, Мағжан Жұмабаевтың 125 жылдығына арналады.

Сіздердің қолдарыңыздағы **«Алтын кітап» Қазақстан Республикасы білім және мәдениет саласындағы үздік қызметкерлердің энциклопедиясы**- еліміздің оқу-ағарту саласындағы, мәдениет, өнер, кітапхана және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы үздік қызметкерлердің басын біріктіретін республикалық жинақ.



## ЭНЦИКЛОПЕДИЯҒА ЕНУ ҮШІН ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- ✓ 7 жылдан жоғары еңбек өтілі;
- ✓ Мектеп, колледж, университет, балабақша, мектепке дейінгі білім беру орталықтары, оқу орталықтарының мамандары, білім бөлімі, кітапхана, мәдениет, өнер, құжаттама, мұрағат ісі саласындағы мамандар ене алады.
- ✓ аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі марапаттаулары мен жетістіктері;
- ✓ мекеме басшысының атынан ұсыныс хат;
- ✓ Өтініш парағы (үлгі соңғы қосымшада).
- ✓ Өтініштер мен материалдар төлемақы түбіртегімен бірге қабылданады.
- ✓ Жетістіктерін растайтын құжаттар (диплом, мадақтама көшірмелері электронды түрде) немесе ғылыми әдістемелік кеңесінің ұсыныс хаты немесе мекемеден толтырылған хаттама жарамды болып табылады.

### ➤ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ӘЗІРЛЕНУ ТӘРТІБІ

- Мекеме басшысының ұсынысы (немесе жеке тұлғаның өтініші);
  - Жеке төлқұжаттың көшірмесі (сканерленген);
  - 3-4 суреттің электронды нұсқасы (JPEG форматта аты-жөнімен қоса сақталуы тиіс);
  - Жетістіктері туралы толық мәліметтер (соңғы қосымшада үлгі көрсетілген).
- Мәліметтер **Microsoft Office Word-2010** форматында, қаріп түрі **Times New Roman** × 12 болуы тиіс.

Өтініштер сканерленіп жолданады. Мәліметтер **Word** форматында жіберіледі. Ғылыми кеңес отырысының хаттамасы болса бірге жолдануы тиіс.

## ӨТІНІШТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ:

Энциклопедияға ену үшін өтініштер **13.05.2018ж** аралығында қабылданады. Мәліметтер қабылданатын электронды почта: **altynkitap\_e@mail.ru**

Жинаққа енген үздік мамандарға ғылыми-әдістемелік кеңес тағайындаған арнайы төсбелгілер тағайындалады. Білім беру саласындағы мамандарға **«БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ»**, балабақша саласындағы мамандарға **«ТӘРБИЕ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ»**, мәдениет саласындағы мамандарға **«МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ»**, сонымен қатар **«ҮЗДІК МАМАН»** ТӨСБЕЛГІСІ тағайындалады.

**Жинақ құны-5500тг. Төсбелгі құны-12000 тг.**

«Алтын глобус» республикалық ғылыми оқу-әдістемелік орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен энциклопедияға енгізілген мамандардың ішінен **«100 ЖАҢА ЕСІМ»** анықталып арнайы марапаттаулар, сертификаттар мен құрмет грамоталары табысталады.

Жинақпен қоса жинаққа енгендігін растайтын **сертификат және төсбелгіге куәлігі сонымен қатар құрмет грамотасы беріледі.** Қазпочтамен жеткізілу қызметі төленген жарнаның құрамына кіреді. Энциклопедия мамыр айында жарық көріп, мекемеге жолданады.

**Қосымша хабарлама: Жіберілген материалдың мәтініне жіберуші тарап жауапты.** Әрбір мекемеден энциклопедия құжаттарына жауапты қызметкер тағайындалуы тиіс. Жауапты адам редакцияға материалдарды жіберумен қатар жарық көрген жинақтарды қабылдайды. Энциклопедияға 20-дан аса мамандары енген мекеме басшыларына және жауапты қызметкерге, сонымен қатар энциклопедияның жарық көруіне үлес қосқан мамандарға арнайы құрмет грамоталары, алғыс хаттар, төсбелгілер, бағалы сыйлықтар, қаржылай сыйлықтар тағайындалып марапатталады. 30-дан аса мамандары енген мектептерге «Мерейлі мектеп» номинациясы тағайындалып, мектеп директорына марапат жіберіледі. 20-дан аса мамандары енген басқа да мекемелерге арнайы имидждік мақала жазылып, республикалық басылым беттеріне жарияланады. Мектепке энциклопедияның бір нұсқасы тарту етіледі.

Төлемақы Халық Банкі немесе Қазпочта арқылы жүзеге асырылады.

**Біздің реквизит:**

**Банк атауы: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ; БИК: HSBKKZKX**  
**«Алтын қыран» Республикалық білім дамыту және мәдени шығармашылық орталығы»ЖШС**  
**БИН/ИИН: 151040022578**  
**KZ396010131000249601-KZT**  
**КБЕ-17. КНП-861.**

Байланыс телефондары: +7702 981 29 64, +7775 140 99 88 (Whatsapp)  
немесе [altynkitap\\_e@mail.ru](mailto:altynkitap_e@mail.ru) электронды почтасына хат жазу арқылы біле аласыздар.



## ТІРКЕЛУ ФОРМАСЫ

**«АЛТЫН КІТАП» ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ**  
**САЛАСЫНДАҒЫ ҮЗДІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ**  
**ЖИНАҒЫ**

**АНКЕТА (анкета мен мәліметтер жеке парақта болуы тиіс)**

Аты -жөні	
Жұмыс орны(облыс, қала, аудан, ауыл, мекен-жайы толық)	
Мекеме басшысының аты-жөні, байланыс телефоны	
Қатысушының лауазымы	
Қатысушының мекен-жайы	
Мектептің e-mail адресі	
Қатысушының e-mail адресі	
Мектептің байланыс телефоны	
Қатысушының байланыс телефоны	
Сертификат, диплом (немесе жинақ) жіберілетін толық мекен-жайы(индекс міндетті түрде) және алушының аты-жөні	
Ұйымдастырушының аты-жөні, байланыс телефоны	

**Мәліметтерді толтыру үлгісі**

**ЖОЛАМАНОВА ЖАНСАЯ САДУАКАСОВНА**

*Алматы қаласы, Бостандық ауданы, №81 мектеп-гимназия  
 директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, музыка пәні  
 мұғалімі*

3-4 сурет орны

Жоламанова Жансая Садуакасовна - өз ісін жетік меңгерген, шығармашылық ізденіспен жұмыс жасайтын музыка пәнін оқытуда қазіргі заманға сай әдіс – тәсілдерді қолдана білетін маман. Оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын ұжымдағы ең озық ұстаздардың бірі. Әр оқушыны жете зерттеп, олардың шығармашылық қасиеттерін арттыра отырып, қабілеті жоғары оқушыларға аса көңіл бөледі. Оқушылары оқу және практика барысында бірін – бірі түсіну, бірігіп жұмыс жасау сияқты қарым – қатынастарын арттыруда шеберліктерімен көзге түсуде. «Көктем аясында», “Наурыз-думан”, «8 Наурыз-Халықаралық Әйелдер» күніне арналған ата-аналармен дәстүрлі мерекелік шаралар мен ойын-сауық кештерін ұйымдастырып, “Балаларға арналған ұлттық ойындар”, «Қазақтың халық музыкасы», «Ән мен жыр» тақырыптарында жоғары деңгейде аудандық, қалалық семинарлар мен ашық сабақтар өткізді. Бостандық ауданы мұғалімдерінің арасында өткен «Жыл мұғалімі-2010» аудандық байқауының I орын жүлдегері атанып, қалалық байқауға қатысса, «Үздік маман-2015» аудандық байқауының III орын жүлдегері атанды. Музыка пәні бойынша «Қазақтың ұлттық би өнері. Шара Жиенкұлованың шығармашылығы» тақырыбында қалалық семинар өткізіп, қала мұғалімдеріне тәжірибесімен алмасты.

Жоламанова Жансая Садуакасовна – шығармашылығы мол, ізденімпаз, жаңашыл өз пәнін құрметтейтін, ұлттық мәдениетімізді көтеруде оқушылармен жетік жұмыс жасауда ерінбей еңбек етіп келеді. Мұғалімдер, ата-аналар, оқушылар арасында беделді, жауапкершілігі мол, өз қызметінің кәсіби маманы.

«АЛТЫН КІТАП» ҚР Білім және мәдениет саласындағы  
үздік қызметкерлердің республикалық  
энциклопедиялық жинағының бас редакторы  
Шүйіншәли А.С. мырзаға

---



---

### Ұсыныс

«АЛТЫН КІТАП» ҚР Білім және мәдениет саласындағы үздік қызметкерлердің республикалық энциклопедиялық жинағының талаптарына сай болған төмендегі мамандарды (қызметкерлерді) республикалық энциклопедияға енгізуді сұраймын. Ұсынылған қызметкерлердің жұмыстары мектептің ғылыми кеңесінде қаралып, бекітілді.

Р/с	Аты-жөні:	Қызметі	Кітапқа; кітап+төсбелгіге(төсбелгі аты) (жанына жазылуы міндетті)
1			
2			
3			
4			
5			

Ұсынылған қызметкер саны:

Кітап алатындар:

Кітап пен төсбелгі алатындар:

Мектеп бойынша энциклопедияға жауапты: (аты-жөні, байланыс нөмірі)

Мектеп директоры:

МО